



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты ІХ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ІХ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5830 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2014

«Жасыл экономика»—инновацияландырудың бір жолы

Ақылбек Ж, Жамалханова А, Әліш Ф.,Қаржы-31
Zhamalhanova_aigera@mail.ru, fari.93.93@mail.ru
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Экономика факультеті
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Алпысбаева Айнұр Құнанбайқызы

Жаңа технологиялы индустриялық нысандар, оның ішінде жаңартылатын қуат көздерінің іске қосылуы ескірген инфрақұрылымды қайта жаңғыртады. Аймақтық «жасыл» кластерлердің құрылысы жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік бере отырып, аймақтардың үйлесімді дамуы – экономиканы «жасылдандырудың» негізгі мақсаттарының бірі. Ең бастысы – ішкі өнімінің сапалық өсімін қамтамасыз ететін әртараптанған экономиканы құрған Қазақстан сыртқы жаһандық қауіп-қатерлер мен дағдарыстарға төтеп бере алатын мемлекетке айналуы тиіс.

«Жасыл экономика» ұғымы ғылыми айналымға соңғы 20 жылда еніп, берік орнықты. Ағылшын тілінде жасыл экономиканың «Green economics», «Ecological economics» атты екі баламалы атауы бар, сондықтан да кей жағдайда жасыл экономика «экология (табиғатты қорғау) экономикасы» деп те аталады. Жасыл экономика тұжырымдамасы бойынша, экономика – қоршаған ортаның тәуелді бөлігі, экономика қоршаған ортаның белгілі шегінен орын алып, өмір сүреді. «Жасыл экономика» деп адамдардың өмір сапасын арттырып, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ететін, қоршаған ортаға төнетін қатерді азайтып, оның жұтандануын болдырмайтын экономиканы айтамыз (ЮНЕП анықтамасы) [1].

«Жасыл экономика» тұжырымдамасы – тұрақты даму мәселелерін қарастыратын феминистік экономика, постмодернизм, қоршаған ортаны қорғау экономикасы, антиглобалистика, халықаралық қатынастар теориясы тәрізді экономикалық және философиялық ғылымдардың синтезінен пайда болған күрделі тұжырымдама. «Жасыл экономика» тұжырымдамасы – экономикалық және жаратылыстану ғылымдарының тоғысуынан туындаған, басқа экономикалық пәндерге қарағанда зерттеу ауқымы кең, зерттеу әдістері мен тәсілдері көп, жас ғылыми тұжырымдама. Сондықтан да зерттеу әдістерінің алуан түрлілігінің нәтижесінде әр түрлі мультидисциплинарлық әдістерді пайдалана отырып, қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарының аясындағы экономика дамуының саяси және әлеуметтік аспектілері негізінде қазіргі жағдайды зерттей аламыз. Экономикалық даму мен өсу модельдері бір жағынан жаратылыстану үрдістерін, екінші жағынан саяси экономия саласын қамти отыра құрылады [2]. «Жасыл экономика» қоғамдағы негізгі 4 мәселені бөліп көрсетеді:

- Экологиялық;
- Интеллектуалдық;
- Саяси;
- Этикалық;

Бұл мәселелер категориясына әлеуметтік зардаптар мен қоршаған ортаға әсер етуге алаңдаушылық, әлеуметтік және табиғи капиталдың жоғары құндылығын түсіну, ресурстарды пайдалану тиімділігі, тұрақты тұтыну мен өндіру, «жасыл» жұмыс орындарының көмегімен макроэкономикалық мақсаттарға жауап беру, негізгі салалардағы өсу мен бәсеке деңгейін арттыру жатады.

Әлемдік тәжірибеде «жасыл экономиканы» әлемдік қауымдастық жаңғыру экономикасы ретінде қабылдап, қолданысқа енгізуде; 2006 жылдан бері «International Journal of Green Economics» журналы жарық көреді, Жасыл өсудің Ғаламдық институты,

Ұлыбританияда Жасыл экономика институты құрылған. БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы да (ЮНЕП) «жасыл экономиканың» әлемдік кеңістікте таралуы мен орнығуында үлес қосуда. «Жасыл экономика» мәселелерін дамыту мақсатында Бразилияда өткен «Рио+» дүниежүзілік тұрақты даму Конференциясы (2012) ерекше оқиға қатарына жатады. Көптеген елдер қазіргі таңда өздерінің ұлттық саясаты мен даму стратегиясында «жасыл экономиканың» әр алуан құралдарын қолдануда. Латын Америкасы және Кариб бассейні елдерінде «жасыл экономика» негізінен кедейшілік пен теңсіздік мәселелерін шешу, базалық инфрақұрылымды, өсуші халық санын қызметтермен қамтамасыз ету контекстінде қарастырылады. Корея Республикасы мен Қытайда экономикалық ынталандырудың ұлттық пакеттерінің «жасыл» үлесі әлемдегі алдыңғы қатардан орын алады. Корея Республикасы «жасыл өсудің» тұжырымдамасын ұлттық стратегия ретінде жүзеге асыруды жариялаған алғашқы мемлекет болып табылады. «Жасыл» өсудің бес жылдық (2009-2013) жоспары, «жасыл өсу» бойынша президенттік комиссия құрылды. Сонымен бірге төменгі көмірсулы «жасыл өсудің» рамалық актісі қабылданды. Стратегия минималды энергиялық және басқа да ресурстарды пайдалана отырып, экономикалық қызмет масштабын сақтауға, пайдаланылатын энергия мен ресурстардың қоршаған ортаға ықпалын нөлдік деңгейге жеткізуге, табиғат қорғау қызметі мен экономикалық өсімді қозғаушы күштерге инвестиция салуға бағытталған [3].

Қазақстан инновациялық қағидаттар мен қазіргі заманғы технологияларға негізделген экономиканы құруға ұмтылуда. Ал мұндай технологиялар Батыстағы мемлекеттер мен кейбір Азия елдеріне тиесілі екені мәлім. Сол себепті Елбасы Жолдауда нақты атап көрсеткендей, осы инновациялық әзірлемелерді Қазақстанға әкелу үшін, сондай-ақ осы салаларға инвестициялар тарту үшін сыртқы экономикалық қатынасты күшейтуіміз керек. Ол үшін «ЕХРО 2017» көрмесі жақсы мүмкіндік бермек. Жасыл көпір ретінде, Қазақстанның «ЕХРО-2017» дүниежүзілік көрмесін өткізу құқығына ие болуы елімізді әлемге танытудың жаңа кезеңі ғана емес, инновациялық дамудағы қуатты серпінге негіз болады.

Яғни, елімізде өткізілетін маңызды ісшара – «ЕХРО-2017» дүниежүзілік көрмесін жоғары деңгейде өткізуге күш сала отырып, мұндай ірі шара елімізге энергетика саласының ең үздік жобалары мен балама қуат технологиялары дамуының заманауи келбетін көрсету мүмкіндігін ұсынатындығына көз жеткіземіз. Біздегі жел және күн қуатының қоры тұрақты және экономикалық жағынан өзін-өзі ақтайтыны сөзсіз болғандықтан энергобаланстағы олардың үлесін көбейту міндеті тұр. Осы орайда айта кеткен жөн, Қазақстанның «ЕХРО-2017» дүниежүзілік көрмесін өткізу құқығына ие болуы Қазақстанды әлем елдеріне танытудың жаңа кезеңі ғана емес, инновациялық дамудағы қуатты серпінге негіз болады.

«Жасыл» экономикаға көшудің жалпы тәсілдері мен тетіктерін, «жасыл» экономика принциптерін Қазақстанның стратегиялық жоспарлау жүйесіне кіріктіру мәселелерін қарастыра отырып, жасыл көпір жаңашыл жасыл технологиялар – жасыл бизнес үшін қолайлы шарттарды тудыру үшін төлемнің жаңа тетігі мен үнемдеу тәсілдерін ұсынады. Кез келген салада үнемшіл болуда әлем елдерінің озық тәжірибелерін пайдалануға болады. Бұл ретте Германия мен Оңтүстік Корея алдыңғы орында тұрады. Өйткені олар «жасыл экономиканы» дамытуда оң нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Тіпті, олар тұрғын үй жұмыстарына ең үнемді деген құрылыс заттарын пайдаланады. Сол үшін де Қазақ елінің жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасын дайындау, Оңтүстік Кореяның «Жасыл өсім» Ғаламдық институтының мамандарына бұйырды. Демек, шетелдік мамандардың үнемдеудегі тәсілдерінің экологиялық зияны болмауы тиіс.

Зерттеу көрсеткіштеріне сүйенсек, ұлттық экономика секторларының бәрінде де ресурстардың тиімсіз пайдаланылатыны байқалып отыр. Мәселен, энергия тұтыну құны жылына 3-4 млрд. америка долларын құрайды, ал 2030 жылға қарай ол екі-үш есеге дейін өсуі мүмкін. Топырақ құнарлылығының төмен болуының нәтижесінде орын алған экономикалық шығын жылына 1,5-4 млрд. АҚШ доллар шамасында. Энергия ресурстарына тариф және баға белгілеу жүйесі әлі де жетілмей отыр. Табиғи ресурстар мен қоршаған ортаның жай-күйі айтарлықтай нашарлап

кетті. 2030 жылға қарай су ресурстарының 13-14 млрд. м3 көлеміндегі тапшылығы орын алады деп болжануда.

Қазір Қазақстан экономикасы шикізат ресурстарының экспортына тәуелді және сондықтан да шикізат нарығындағы бағалардың күрт құбылуының әсеріне ұшырауға бейім. Соған орай осы мәселелерді шешу үшін Елбасы тапсырмасы бойынша Үкімет «Жасыл экономикаға» көшудің тұжырымдамасын дайындады[4].

Қорыта келе, «Жасыл» экономиканың дамуына өз үлесін қосуға тек мемлекет қана емес, сонымен қатар әрбір қазақстандық міндетті. Ғылымды инновациялық дәрежеге жеткізуарқылы болашақтағы дамудың жасыл жолы табиғи капиталды болашақ ұрпақ үшін сақтап, қалпына келтіріп, ұлғайтып қана қоймай, бүгінгі таңда әр қазақстандықтың өмір сапасын арттыратүспек. Пайдаланылған әдебиеттер

1. Навстречу «зеленой» экономике: пути к устойчивому развитию и искоренению бедности — Обобщающий доклад для представителей властных структур. ЮНЕП, 2011.
2. Green economics // электронды ресурс: Жасыл экономика институты (Ұлыбритания) // <http://www.greeneconomics.org.uk/>
3. А. Храмов. «Зеленая экономика» для Казахстана // электронды ресурс: / http://kazakhzerno.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=70216&Itemid=108
4. Захарова Т.В. "Зеленая" экономика как новый курс развития: глобальный и региональный аспекты. // Вестник Том. гос. ун-та. – Томск, 2011. – № 4. – С. 38.

УДК 608

ОРГАНИЗАЦИЯ ФИНАНСОВОГО МЕНЕДЖМЕНТА НА ПРЕДПРИЯТИИ: СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ

Алпысбаева А.К., магистрант ФМ 1/1

Жаныбаева З.К., к.э.н, доцент

кафедра «Финансы»

КазУЭФМТ

Важность организации эффективной системы финансового менеджмента на предприятии переоценить трудно, так как именно от его эффективности зависит, будет ли предприятие прибыльным, будет ли достигнута максимизация прибыли компании, будет ли организовано максимально эффективное управление финансовыми ресурсами предприятия.

Задачи финансового менеджмента базируются на финансовой идеологии как системе основополагающих принципов осуществления бизнеса. К таким принципам относятся, например, саморегулирование, самоокупаемость, самофинансирование, деление капитала на собственный, привлеченный и заемный, наличие резервов и др. Данные принципы определяются главной целью функционирования организации, финансовым менталитетом ее собственников и менеджеров.

Процесс обеспечения эффективного управления прибылью предприятия как главной цели финансового менеджмента, предопределен рядом требований, основные из которых представлены на рисунке 1 [1, с. 95]: